| | |
|---|---|
| **«MAGNUM» САУДА ЖЕЛІСІНІҢ ТҰРАҚТЫ САТЫП АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН «MAGNUM CLUB» БЕЙІЛДІЛІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ** | **ПРАВИЛА ПРОГРАММЫ ЛОЯЛЬНОСТИ «MAGNUM CLUB» ДЛЯ ПОСТОЯННЫХ ПОКУПАТЕЛЕЙ ТОРГОВОЙ СЕТИ «MAGNUM»** |
| **1. Терминдер мен анықтамалар** | **1. Термины и определения** |
| **Компания** – өз қызметін «Magnum» тауар белгісімен жүзеге асыратын сауда желісінің иесі болып табылатын «Magnum Cash&Carry» ЖШС (БСН 081040004326, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, А10В5Н7, Астана шағын ауданы, 1/10-үй). | **Компания** – ТОО «Magnum Cash&Carry» (БИН 081040004326, Республика Казахстан, город Алматы, А10В5Н7, микрорайон Астана, дом 1/10), являющееся владельцем торговой сети, осуществляющей свою деятельность под товарным знаком «Magnum». |
| **«Magnum» сауда желісі** – өз қызметін «Magnum» тауар белгісімен жүзеге асыратын және Компанияға тиесілі сауда желісі. | **Торговая сеть «Magnum»** – торговая сеть, осуществляющая свою деятельность под товарным знаком «Magnum», и принадлежащая Компании. |
| **Бағдарлама** – «Magnum» сауда желісінің тұрақты сатып алушыларына арналған «Magnum Club» бейілділік бағдарламасы, оның көмегімен Компания өз қарап шешуі бойынша Қатысушылардың сауда жасағаны үшін бонустық ұпайларды (Бонустарды) есептеу, Қатысушылардың қызығушылықтарын ескере отырып, ерекше ұсыныстар мен арнайы жеңілдіктер ұсыну арқылы оларды ынталандырады. | **Программа** – программа лояльности «Magnum Club» для постоянных покупателей Торговой сети «Magnum», с помощью которой Компания по своему усмотрению поощряет Участников за покупки, начисляя бонусные баллы (Бонусы), предоставляя специальные скидки и особые предложения, подготовленные с учётом интересов Участников. |
| **Ережелер** – «Magnum» сауда желісінің тұрақты сатып алушыларына арналған «Magnum Club» бейілділік бағдарламасының осы ережелері. | **Правила** – настоящие правила программы лояльности «Magnum Club» для постоянных покупателей Торговой сети «Magnum». |
| **Қатысушы** – қолданыстағы заңнамаға сәйкес шағын тұрмыстық мәмілелер жасау құқығы берілген, Ережелерге сәйкес Бағдарламада тіркелген және Карта ұстаушысы болып табылатын, 14 жасқа жеткен кәмелетке толған немесе кәмелетке толмаған тұлға. Қатысушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес берілген жеке сәйкестендіру нөмірі бар жеке тұлға ғана болуы мүмкін. | **Участник** – совершеннолетнее или несовершеннолетнее лицо, достигшее 14 лет, которому в соответствии с действующим законодательством предоставлено право совершать мелкие бытовые сделки, зарегистрированное в Программе в соответствии с Правилами и являющееся держателем Карты. Участником может быть только физическое лицо, имеющее индивидуальный идентификационный номер, присваиваемый согласно действующему законодательству Республики Казахстан. |
| **Қатысушы сауалнамасы (Сауалнама)** – Ережелерде қарастырылған тәртіпте Бағдарламаға тіркелу кезінде Қатысушы ұсынатын Бағдарлама Қатысушысы болғысы келетін жеке тұлға туралы ақпарат. Сауалнаманы толтыру арқылы Қатысушы өз еркімен және өз мүддесінде әрекет етіп, Компанияға өзінің Сауалнамада берілген дербес деректерін өңдеуге (Қазақстан Республикасының 21.05.2013 ж. №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау | **Анкета участника (Анкета)** – информация о физическом лице, желающем стать Участником Программы, предоставляемая Участником при регистрации в Программе в порядке, предусмотренном Правилами. Заполняя Анкету, Участник действуя по своей воле и в своих интересах выражает Компании своё полное согласие на обработку своих персональных данных (в рамках Закона Республики Казахстан №94-V от 21.05.2013 «О персональных данных и |

| | |
|---|---|
| туралы» Заңының аясында) толық келісетінін білдіреді. Дербес деректерді өңдеу тәсілдері: электронды пошта, мессенджерлер, SMS қызметтері, телефон байланысы, пошта байланысы, автоматтандыру құралдары мен электронды есептеу техникасын қолдана отырып, соның ішінде дерекқор қалыптастыру жолымен дербес деректерді өңдеу арқылы, бірақ олармен шектелместен, жарнамалық-ақпараттық таратылымдарды ұйымдастыру және жүргізу. Аталмыш келісім Бағдарлама Қатысушысы оны жазбаша түрде қайтарып алғанға дейін күшінде болады. | их защите»), содержащихся в Анкете. Способы обработки персональных данных: организация и проведение рекламно-информационных рассылок посредством, включая, но, не ограничиваясь: электронной почты, мессенджеров, SMS-сервисов, телефонной связи, почтовой связи, обработки персональных данных с использованием средств автоматизации и электронно-вычислительной техники, в том числе путем формирования базы данных. Указанное согласие действует до его письменного отзыва Участником Программы. |
| **Дерекқор** – Бағдарлама Қатысушыларының өңделген Сауалнамаларының электронды дерекқоры. | **База данных** – электронная база данных обработанных Анкет Участников Программ. |
| **Карта** – Бағдарламада Қатысушыны сәйкестендіру, Бонустарды есептеу және есептен шығару үшін қолданылатын және осы Бағдарлама Ережелерімен келіскен жағдайда Қатысушыға берілетін, Бағдарлама аясында бірегей нөмірді иеленетін пластик (физикалық тасымалдаушысы бар) карта. | **Карта** – пластиковая (имеющая физический носитель) карта, обладающая уникальным в рамках Программы номером, который используется для идентификации Участника в Программе, начисления и списания Бонусов и выдаваемая Участнику при условии его согласия с настоящими Правилами Программы. |
| **Виртуалды карта** – Мобильді қолданбада жасалған және физикалық тасымалдаушысы жоқ электронды Карта. | **Виртуальная карта** – электронная Карта, сгенерированная в Мобильном приложении и не имеющая физического носителя. |
| **Сайт** – Интернет желісінде https://www.magnum.kz адресі бойынша орналасқан, Бағдарлама туралы ақпарат орналастырылатын Компания веб-сайты. | **Сайт** – веб-сайт Компании, размещенный в сети Интернет по адресу: https://www.magnum.kz, на котором размещается информация о Программе. |
| **Мобильді қолданба** – iOS және android платформасына арнап әзірленген, смартфондарда, планшеттерде және басқа да мобильді құрылғыларда жұмыс істеуге арналған «Magnum Club» бағдарламалық жасақтамасы. Мобильді қолданбаның құқық иеленушісі Компания болып табылады. | **Мобильное приложение** – программное обеспечение «Magnum Club», предназначенное для работы на смартфонах, планшетах и других мобильных устройствах, разработанное для платформы iOS и android. Правообладателем Мобильного приложения является Компания. |
| **Бонустық ұпайлар (Бонустар)** – Қатысушы Бағдарламада көзделген талаптарда «Magnum» сауда желісінде тауар сатып алған кезде Компания есептейтін шартты бірліктер. 1 (бір) Бонустық ұпай Бағдарлама талаптарына сәйкес 1 (бір) теңгеге тең болады. Бонустар тек «Magnum» сауда желісінде тауар сатып алу үшін ғана қолданыла алады. | **Бонусные баллы (Бонусы)** – условные единицы, которые начисляются Компанией при приобретении Участником товаров в Торговой сети «Magnum» на условиях, предусмотренных Программой. 1 (один) Бонусный балл приравнивается 1 (одному) тенге в соответствии с условиями Программы. Бонусы могут быть использованы исключительно для приобретения товаров в Торговой сети «Magnum». |
| **Бағдарлама Қатысушысының бонустық шоты (Бонустық шот)** – Бағдарлама Дерекқорындағы есептелген/есептен шығарылған Бонустардың саны мен Қатысушының ағымдағы теңгерімі туралы есептік және ақпараттық деректер жиынтығы. | **Бонусный счёт Участника Программы (Бонусный счет)** – совокупность учётных и информационных данных в Базе данных Программы о количестве начисленных/списанных Бонусов и текущем балансе Участника. |

| | |
|---|---|
| **Байланыс орталығы** – Компания ұйымдастырған және Қатысушыларға 7766 қысқа телефоны бойынша ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсететін Бағдарламаны қолдау орталығы (Қазақстан Республикасы аумағында ұялы телефоннан қоңырау шалу тегін). | **Контакт-центр** – центр поддержки Программы, организованный Компанией и осуществляющий информационно-справочное обслуживание Участников по короткому телефону: 7766 (звонок на территории Республики Казахстан с мобильных телефонов бесплатный). |
| **2. Бағдарламаға қатысудың жалпы талаптары** | **2. Общие условия участия в Программе** |
| 2.1. Осы Ережелер Бағдарламаға қатысу талаптары мен тәртібін анықтайды. Бағдарламаға қосылған мезеттен бастап Қатысушы Компаниямен қарым-қатынасқа түседі, осы Ережелерді қабылдайды, оларды орындауға міндеттенеді және Компанияның Бонустарды есептеуі мен Ережелерге сәйкес басқа да артықшылықтарды беруіне құқылы. Ережелер Сайтта, Мобильді қолданбада, сондай-ақ Компанияның қарап шешуі бойынша басқа да көздерде орналастырылады. | 2.1. Настоящие Правила определяют условия и порядок участия в Программе. С момента присоединения к Программе Участник вступает во взаимоотношения с Компанией, принимает настоящие Правила, обязуется их выполнять и имеет право на начисление Компанией Бонусов и иные привилегии в соответствии с Правилами. Правила размещаются на Сайте, в Мобильном приложении, а также в других источниках, по усмотрению Компании. |
| 2.2. Бағдарлама Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады, «Magnum» сауда желісі арқылы жүргізіледі. | 2.2. Программа действует на территории Республики Казахстан, проводится через Торговую сеть «Magnum». |
| 2.3. Кез келген кәмелетке толған тұлға, сондай-ақ 14 жасқа жеткен, қолданыстағы заңнамаға сәйкес шағын тұрмыстық мәмілелер жасау құқығы берілген кәмелетке толмаған тұлға Бағдарлама қатысушысы бола алады. | 2.3. Участником Программы может быть любое совершеннолетнее лицо, а также несовершеннолетнее лицо, достигшее 14 лет, которому в соответствии с действующим законодательством предоставлено право совершать мелкие бытовые сделки. |
| 2.4. Бағдарлама 2019 жылғы 1 желтоқсаннан бастап Компания оның қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдағанға дейін қолданыста болады. | 2.4. Программа действует с 1 декабря 2019 года и до момента решения Компании о прекращении её действия. |
| 2.5. Бағдарламаға қатысу ерікті болып табылады. Бағдарламаны Компания «Magnum» сауда желісінде сатылатын тауарларға тұтынушылардың қызығушылығын арттыру және «Magnum» сауда желісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында әзірледі. | 2.5. Участие в Программе является добровольным. Программа разработана Компанией для целей повышения интереса со стороны потребителей к товарам, реализуемым Компанией в Торговой сети «Magnum», и повышения конкурентоспособности Торговой сети «Magnum». |
| 2.6. Бағдарламаны Компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қатаң сәйкестікте әзірледі, ол ешқандай заңға қайшы мақсаттарды, соның ішінде монополияға қарсы заңнаманы бұзуды көздемейді. | 2.6. Программа разработана Компанией в строгом соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, не преследует никаких противозаконных целей, в том числе нарушения антимонопольного законодательства. |
| **3. Бағдарламада тіркелу** | **3. Регистрация в Программе** |
| 3.1. Бағдарламаға қатысу үшін Қатысушы Компания белгілеген талаптарда Картаны немесе Виртуалды картаны сатып алып, осы Ережелердің 3.5-тармағына сәйкес Бағдарламаға тіркелуі тиіс. | 3.1. Для участия в Программе Участнику необходимо приобрести Карту или Виртуальную карту на условиях, определяемых Компанией, и зарегистрироваться в Программе в соответствии с п.3.5. настоящих Правил. |

| | |
|---|---|
| 3.2. Картаны «Magnum» сауда желісінің кез келген сауда орнынан Компания белгілеген бағаға сатып алуға болады. | 3.2. Карта может быть приобретена в любой торговой точке Торговой сети «Magnum» по цене, определяемой Компанией. |
| 3.3. Сонымен қатар, Қатысушы өз қалауы бойынша Мобильді қолданбада Виртуалды картаны ала алады. Виртуалды картаның жеке нөмірі бар штрих-код Мобильді қолданбада автоматты түрде жасалады. | 3.3. Также Участник по своему усмотрению может получить Виртуальную карту в Мобильном приложении. Штрих код с индивидуальным номером Виртуальной карты генерируется в Мобильном приложении автоматически. |
| 3.4. Бонустық ұпайларды пайдалану үшін Қатысушы міндетті түрде Бағдарламада тіркеліп, Сауалнаманы толтыруы қажет. Сауалнаманы толтырмаған Қатысушы жинақталған Бонустарды «Magnum» сауда желісінің сауда орындарында тауарларды сатып алу үшін пайдалану құқығына ие болмайды. | 3.4. Для использования Бонусных баллов Участник в обязательно порядке должен зарегистрироваться в Программе и заполнить Анкету. Без заполнения Анкеты Участник не получает права использовать накопленные Бонусы для приобретения товаров в торговых точках Торговой сети «Magnum». |
| 3.5. Бағдарламада тіркелу төмендегі жолдармен жүзеге асырылады: | 3.5. Регистрация в Программе производится путём: |
| 3.5.1. Мобильді қолданбада Қатысушының ұялы телефонының нөмірін көрсету және оны Қатысушыға жіберілген SMS хабарламасындағы тексеру кодын енгізе отырып растау (жедел тіркелу). Мобильді қолданбада тіркелу барысында Қатысушы бұрын сатып алынған Картаның нөмірін көрсете алады немесе өзіне арнап Виртуалды карта шығаруға келіседі, сондай-ақ Қатысушы сауалнамасына өзінің дербес деректерін енгізеді (толық тіркелу). | 3.5.1. указания в Мобильном приложении номера мобильного телефона Участника и его подтверждения посредством ввода проверочного кода, направляемого Участнику в SMS (экспресс-регистрация). В процессе регистрации в Мобильном приложении Участник может указать номер ранее приобретённой Карты или согласиться с выпуском для него Виртуальной карты, а также внести в Анкету участника свои персональные данные (полная регистрация). |
| 3.5.2. Қатысушының 7766 нөмірі бойынша Компанияның Байланыс орталығына қоңырау шалуы және Қатысушы «Magnum» сауда желісінде сатып алған Картаның деректерін, Қатысушының мобильді телефон нөмірін және дербес деректерін телефон арқылы беру (толық тіркелу). | 3.5.2. звонка Участника в Контакт-центр Компании по номеру 7766 и предоставления по телефону данных Карты, приобретенной Участником в Торговой сети «Magnum», номера мобильного телефона и персональных данных Участника (полная регистрация). |
| 3.6. Бағдарламаның бір Қатысушысында тек бір белсенді Карта немесе Виртуалды карта болуы мүмкін. | 3.6. У одного Участника Программы может быть только одна активная Карта или Виртуальная карта. |
| **4. Бағдарлама талаптары** | **4. Условия Программы** |
| 4.1. «Magnum» сауда желісінде сауда жасау кезінде Картаны немесе Виртуалды картаны көрсете отырып, Қатысушы Бонустар жинайды және оларды кейін «Magnum» сауда желісінің дүкендерінде тауар сатып алу үшін пайдалана алады. | 4.1. Предъявляя Карту или Виртуальную карту при осуществлении покупок в Торговой сети «Magnum», Участник накапливает Бонусы, которые в дальнейшем может использовать для приобретения товаров в магазинах Торговой сети «Magnum». |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Сонымен қатар, Компания Қатысушыларға арнайы ұсыныстар мен жеңілдіктерді ұсынуы мүмкін, олар туралы хабарламалар Мобильді қолданбаға немесе Компанияның қарап шешуі бойынша таңдалған басқа да байланыс арналары арқылы келіп түседі. | | Участникам Компанией также могут предоставляться скидки и специальные предложения, уведомления о которых будут поступать в Мобильное приложение или по иным каналам коммуникации, выбранные по усмотрению Компании. |
| 4.2. | Бонустардың есептелуі үшін Қатысушы «Magnum» сауда желісінде сауда жасау кезінде кассирге Картаны немесе Виртуалды картаны көрсетуі тиіс. | 4.2. | Для начисления Бонусов Участнику необходимо предъявить Карту или Виртуальную карту кассиру при совершении покупки в Торговой сети «Magnum». |
| 4.3. | Қатысушы Бонустарды Сауалнаманы толтырмастан, Картаны сатып алғаннан кейін немесе Мобильді қолданбада Виртуалды картаны рәсімдегеннен кейін бірден жинай алады. «Magnum» сауда желісінде сатып алынған тауарлардың ақысын Бонустармен төлеу, айрықша жеңілдіктер мен арнайы ұсыныстар алу үшін Қатысушы Бағдарламаға тіркелуі және осы Ережелердің 3.4-3.5-тармақтарына сәйкес Сауалнаманы толтыруы қажет. | 4.3. | Участник может накапливать Бонусы без заполнения Анкеты сразу после приобретения Карты или оформления Виртуальной карты в Мобильном приложении. Для того, чтобы оплачивать покупку товаров в Торговой сети «Magnum» Бонусами, получать эксклюзивные скидки и специальные предложения, Участнику необходимо зарегистрироваться в Программе и заполнить Анкету в соответствии с пп.3.4-3.5 настоящих Правил. |
| 4.4. | Қатысушы «Magnum» сауда желісінің кассасында Картаны немесе Мобильді қолданбадағы Виртуалды картаны көрсеткен кезде Компания Қатысушыға әрбір бөлек сатып алынған, ақысы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз төленген тауар құнының 1%-ы мөлшерінде Бонустар (Базалық бонустар) есептейді. Арнайы науқандар іске қосылғанда Компания Қатысушыға қосымша Бонустар есептей алады, олардың мөлшері әрбір нақты науқанның талаптарымен анықталады (Жарнамалық бонустар). Бір сауда жасауға (1 чекке) есептелетін Бонустардың ең жоғарғы сомасы, Компания жеке өткізілетін науқан аясында өзгесін белгілемесе, 2000 (екі мың) Бонустан аспауы тиіс. | 4.4. | При предъявлении Участником Карты или Виртуальной карты в Мобильном приложении на кассе Торговой сети «Magnum» Компания начисляется Участнику Бонусы в размере 1% от оплаченной наличными или безналичными деньгами стоимости каждого отдельно приобретаемого товара (Базовые Бонусы). При запуске специальных акций Компания может начислять Участнику дополнительные Бонусы, размер которых определяется условиями каждой конкретной акции (Акционные Бонусы). Максимальная сумма Бонусов, начисляемых за одну покупку (1 чек), не может превышать 2000 (двух тысяч) Бонусов, если иное не будет установлено Компанией в рамках отдельно проводимой акции. |
| 4.5. | Бонустар алкоголь және темекі өнімдерін, емшек сүтін алмастырғыштарды және «Арзандатылған тауарлар» санатындағы өнімдерді қоспағанда, ақысы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз төленген «Magnum» сауда желісіндегі кез келген тауарды сатып алуға есептеледі. | 4.5. | Бонусы начисляются на покупки любых товаров в Торговой сети «Magnum», оплаченные наличным или безналичным способом, за исключением алкогольной и табачной продукции, заменителей грудного молока и продукции категории «Уценка». |
| 4.6. | Бонустар ақшаға айырбасталмайды. | 4.6. | Бонусы не подлежат обмену на денежные средства. |
| 4.7. | Компания өз бастамасы бойынша Қатысушының «Magnum» сауда желісінде тауарлар сатып алуымен байланысты емес | 4.7. | Компания по собственной инициативе может начислять Брнусы Участнику за события и/или действия Участника, не |

| | |
|---|---|
| оқиғалары және/немесе әрекеттері үшін Қатысушыға Бонустар есептей алады. | связанные с приобретением товаров в Торговой сети «Magnum». |
| 4.8. Бонустарды пайдалана отырып, Қатысушы чек сомасының 90%-ына дейін төлей алады (Қатысушының Бонустық шотында Бонустардың тиісті саны болған жағдайда). | 4.8. С использованием Бонусов Участник может оплатить до 90% от суммы чека (при наличии соответствующего количества Бонусов на Бонусном счёте Участника). |
| 4.9. Қатысушы тауарлардың ақысы төленгенге дейін (яғни тауарды сканерлеп бастаудың алдында немесе тауарды сканерлеу кезінде) кассирге Картаны немесе Виртуалды картаны көрсетуге міндетті. Қатысушы тауарлардың ақысы төленгенге дейін кассирге Картаны немесе Виртуалды картаны сканерлеуге бермеген болса, Қатысушының «Magnum» сауда желісінде тауар сатып алғандығын растайтын чек болған күннің өзінде Бонустар есептен шығарылмайды, есептелмейді және қалпына келтірілмейді. | 4.9. Участник обязан предъявить Карту или Виртуальную карту кассиру до оплаты товаров (т.е. перед началом сканирования товара или в момент сканирования товара). Если Карта или Виртуальная карта не предъявлена Участником кассиру для сканирования до момента оплаты товаров Участником, Бонусы не списываются, не начисляются и не восстанавливаются даже при наличии чека, подтверждающего приобретение Участником товара в Торговой сети «Magnum». |
| 4.10. Картаның және/немесе Виртуалды картаның қолданылу мерзімі шектелмеген. Карта зақымдалған жағдайда, Компания оны «Magnum» сауда желісінің кез келген дүкенінде Компания белгілеген талаптарда ауыстыра алады. | 4.10. Срок действия Карты и/или Виртуальной карты не ограничен. При порче Карты Компания может заменить её на определяемых Компанией условиях в любом из магазинов Торговой сети «Magnum». |
| 4.11. Базалық бонустардың жарамдылық мерзімі есептелген күннен бастап 1 (бір) жылды құрайды. Науқандық бонустардың жарамдылық мерзімі өздері соларға сәйкес есептелген науқан талаптарымен анықталады. Қатысушы Картаны және/немесе Виртуалды картаны 100 күн бойы пайдаланбаған жағдайда, барлық жинақталған және осы уақытқа дейін пайдаланылмаған Бонустардың күші жойылады. | 4.11. Срок действия Базовых Бонусов составляет 1 (один) год с даты начисления. Срок действия Акционных Бонусов определяется условиями акции, в соответствии с которой они начисляются. В случае, если Участник не пользуется Картой и/или Виртуальной карты в течение 100 дней, все накопленные и не использованные до этого момента Бонусы аннулируются. |
| 4.12. Сонымен қатар, Компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес жеткілікті деп санайтын басқа да негіздер бойынша Компания Бонустардың күшін жоя алады. | 4.12. Бонусы также могут быть аннулированы Компанией по иным основаниям, которые Компания сочтет достаточными в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан. |
| 4.13. Қатысушы Картаны және/немесе Виртуалды картаны үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. | 4.13. Участник не вправе передавать третьим лицам Карту и/или Виртуальную карту. |
| 4.14. «Magnum» сауда желісінде тауарларды сыйлық сертификатын пайдалана отырып сатып алған кезде Бонустар есептелмейді. | 4.14. Бонусы не начисляются при приобретении товаров в Торговой сети «Magnum» с использованием подарочного сертификата. |
| 4.15. Карта/Виртуалды карта бұғатталған жағдайда, Қатысушы Мобильді қолданбаның функциясы (Пайдаланушы блогы) арқылы немесе Байланыс | 4.15. В случае блокировки Карты / Виртуальной карты, посредством функции Мобильного приложения (Пользовательский блок) или посредством звонка в Контакт-центр |

| | |
|---|---|
| орталығына қоңырау шалу арқылы (Менеджер блогы) бұғатталған картаға Бонустар жинақтауды жалғастыруға құқылы, бірақ «Magnum» сауда желісінде тауар сатып алу кезінде Бонустарды пайдалану карта бұғаттан босатылғаннан кейін ғана мүмкін болады. | (Менеджерский блок), Участник вправе продолжить накопление Бонусов на заблокированную карту, но использование Бонусов при покупке товаров в Торговой Сети «Magnum» станет возможным только после разблокировки карты. |
| **5. Картаны немесе Виртуалды картаны пайдалана отырып сатып алынған тауарларды қайтару** | **5. Возврат товаров, приобретенных с использованием Карты или Виртуальной карты** |
| 5.1. Картаны немесе Виртуалды картаны пайдалана отырып сатып алынған тауарларды айырбастау және қайтару Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. | 5.1. Обмен и возврат товаров, приобретённых с использованием Карты или Виртуальной карты, осуществляется в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан. |
| 5.2. Қатысушы тауарды Компанияға қайтарған жағдайда, оны сатып алғаны үшін есептелген Бонустардың күші жойылады (есептен шығарылады). Қайтарылып отырған тауарды сатып алған кезде Қатысушы осы Ережелерге сәйкес Бонустарды пайдаланған жағдайда, есептен шығарылған Бонустар Қатысушының Бонустық шотына қайтарылады. | 5.2. При возврате Участником товара Компании Бонусы, начисленные за его покупку, аннулируются (списываются). Если при покупке возвращаемого товара Участником были использованы Бонусы в соответствии с настоящими Правилами, списанные Бонусы возвращаются Участнику на его Бонусный счёт. |
| 5.3. Қатысушы Бонустарды пайдалана отырып сатып алынған тауарды қайтарған жағдайда, Компания Қатысушыға ақша қаражатын Қатысушы осы тауарды сатып алу кезінде жұмсаған көлемде ғана қайтарады. Қатысушыға Бонустарға сатып алынған тауардың құнын ақшалай қайтаруға жол берілмейді. | 5.3. При возврате товара, приобретённого Участником с использованием Бонусов, Компания возвращает Участнику денежные средства только в том объёме, в котором они были Участником потрачены при покупке данного товара. Возмещение Участнику денежными средствами стоимости товара, оплаченной при его приобретении Бонусами, не допускается. |
| **6. Картаны Қатысушының талабы бойынша бұғаттау тәртібі** | **6. Порядок блокировки Карты по требованию Участника** |
| 6.1. Карта жоғалған немесе зақымдалған жағдайда, Компания Қатысушының талабы бойынша Картаны бұғаттауы мүмкін. | 6.1. По требованию Участника Компания может заблокировать Карту в случаях ее утери или порчи. |
| 6.2. Қатысушы 7766 нөмірі бойынша Байланыс орталығына қоңырау шалу арқылы немесе Мобильді қолданбаны пайдалана отырып, өздігінен Картаны бұғаттай алады. | 6.2. Участник может заблокировать Карту, позвонив в Контакт-центр по номеру 7766, или самостоятельно с использованием Мобильного приложения. |
| 6.3. Жинақталған Бонустарды жаңа Картаға немесе Виртуалды картаға аудару үшін Қатысушы Байланыс орталығына хабарласып, Компанияның бақылау сұрақтарына дұрыс жауап беруі тиіс. Қатысушыдан бақылау сұрақтарына дұрыс жауап алынбаған жағдайда, Компания Қатысушының бұрын жинақталған Бонустарын жаңа Картаға немесе | 6.3. Для переноса накопленных Бонусов на новую Карту или Виртуальную карту Участнику необходимо обратиться в Контакт-центр и правильно ответить на контрольные вопросы Компании. В случае неполучения от Участника правильных ответов на контрольные вопросы, Компания оставляет за собой право отказать Участнику в переносе ранее |

| | |
|---|---|
| Виртуалды картаға аударудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады. | накопленных Бонусов на новую Карту или Виртуальную карту. |
| **7. Қорытынды талаптар** | **7. Заключительные условия** |
| 7.1. Қатысушы Бағдарламаға тіркелу және Сауалнаманы толтыру кезінде өзі көрсеткен дербес деректердің дұрыстығына және сенімділігіне жауап береді. | 7.1. Участник несёт ответственность за корректность и достоверность персональных данных, указанных им при регистрации в Программе и заполнении Анкеты. |
| 7.2. Компания өзгертулерді міндетті түрде Мобильді қолданбада және Сайтта жариялай отырып, Бағдарлама Ережелерін кез келген уақытта бір жақты тәртіпте өзгерте алады. | 7.2. Правила Программы могут быть изменены Компанией в любое время в одностороннем порядке с обязательной публикацией изменений в Мобильном приложении и на Сайте. |
| 7.3. Картаның сақталуы, сондай-ақ үшінші тұлғалардың Картаға немесе Виртуалды картаға рұқсатсыз қолжетімділік алуы үшін Қатысушы жауап береді. Компания Қатысушының Картасын немесе Виртуалды картасын үшінші тұлғалардың рұқсатсыз пайдаланғаны үшін жауап бермейді. Компания «Magnum» сауда желісінде тауарларды сатып алу кезінде Бонустарды есептеу және/немесе пайдалану үшін Картаны ұсынған адамға Картаның тиесілілігін тексеруге құқылы, бірақ міндетті емес. | 7.3. Ответственность за сохранность Карты, а также за несанкционированный доступ третьих лиц к Карте или Виртуальной карте лежит на Участнике. Компания не несет ответственности за несанкционированное использование Карты или Виртуальной карты Участника третьими лицами. Компания вправе, но не обязана проверять принадлежность Карты лицу, предъявляющему Карту при приобретении товаров в торговой сети «Magnum» для начисления и/или использования Бонусов. |
| 7.4. Қатысушы:<br>− осы Ережелерді сақтамаған;<br>− Қатысушыға Бағдарлама аясында берілетін қандай да бір артықшылықтарды теріс пайдаланған;<br>− жалған мәліметтер немесе Компанияны жаңылыстыратын ақпарат берген жағдайда;<br>− Компания Қатысушыны Бағдарламадан шығару үшін жеткілікті деп санайтын басқа да негіздер бойынша Компания кез келген уақытта кез келген Қатысушының Бағдарламаға қатысуын бір жақты тәртіпте ескертусіз тоқтатуға құқылы. | 7.4. Компания вправе в любое время в одностороннем порядке прекратить участие в Программе любого Участника без предупреждения, если Участник:<br>− не соблюдает настоящие Правила;<br>− злоупотребляет какими-либо привилегиями, предоставляемыми Участнику в рамках Программы;<br>− предоставляет недостоверные сведения или информацию, вводящую в заблуждение Компанию;<br>− по иным основаниям, которые Компания сочтет достаточными для исключения Участника из Программы. |
| 7.5. Қатысушы жинақталған Бонустардың саны туралы ақпаратты өздігінен бақылауға міндеттенеді. Қатысушы ақпараттың сәйкессіздігін анықтаса, ол бұл туралы Байланыс орталығына хабарлауы тиіс. | 7.5. Участник обязуется самостоятельно отслеживать информацию о количестве накопленных Бонусов. Если Участник выявляет несоответствие информации, то ему необходимо сообщить об этом в Контакт-центр. |
| 7.6. Қатысушының Бағдарламаға қатысуы кез келген негіздер бойынша тоқтатылған жағдайда, бұрын жинақталған Бонустар жойылады. Қатысушының Бағдарламаға қатысуы тоқтатылған мезеттен бастап Картаның қолданылуы тоқтатылады (Карта | 7.6. В случаях прекращения участия Участника в Программе по любым основаниям ранее накопленные Бонусы аннулируются. С момента прекращения участия Участника в Программе действие Карты прекращается (Карта блокируется), а накопленные |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бұғатталады), ал Қатысушы жинаған Бонустар автоматты түрде есептен шығарылады (жойылады). Бұл ретте Қатысушы Компаниядан есептен шығарылған (жойылған) Бонустарды, соның ішінде ақшалай өтеуін талап етуге құқылы емес. | | Участником Бонусы автоматически списываются (аннулируются). При этом Участник не вправе требовать от Компании какого-либо возмещения, в т.ч. в денежной форме списанных (аннулированных) Бонусов. |
| 7.7. | Бағдарламаға тіркелу және Ережелердің 1-және 2-бөлімдерінің талаптарына сәйкес Ережелермен келісу (оны қабылдау) арқылы Қатысушы Компаниядан Мобильді қолданба, электронды пошта немесе ұялы байланыс арқылы хабарламалар алуға келіседі. | 7.7. | Осуществив регистрацию в Программе и согласившись (приняв) с Правилами в соответствии с условиями разделов 1 и 2 Правил, Участник соглашается на получение от Компании уведомлений через Мобильное приложение, электронную почту или посредством мобильной связи. |
| 7.8. | Компания бұл туралы Сайтта тиісті хабарландыру орналастыру арқылы немесе Мобильді қолданба арқылы Қатысушыларға хабарлай отырып, Бағдарламаның қолданылуын кез келген уақытта бір жақты тәртіпте тоқтатуға немесе уақытша тоқтатуға құқылы. Бағдарламаның қолданылуы тоқтатылған немесе уақытша тоқтатылған жағдайда, Қатысушылардың шоттарындағы Бонустар жойылады. Бағдарламаның қолданылуы тоқтатылған немесе уақытша тоқтатылған жағдайда, Компания Қатысушыларға Бағдарламаның қолданылуы тоқтатылған немесе уақытша тоқтатылған кездегі Қатысушылардың жинаған Бонустарының қалдығын өтемейді. Қатысушы(лар) Компаниядан Бонустарды, соның ішінде ақшалай өтеуін талап етуге құқылы емес. | 7.8. | Компания вправе приостановить или прекратить действие Программы в любое время в одностороннем порядке, уведомив об этом Участников путем размещения соответствующего объявления на Сайте или через Мобильное приложение. В случае приостановления или прекращения действия Программы Бонусы на счетах Участников аннулируются. В случае приостановления или прекращения действия Программы Компания не компенсирует Участникам остаток Бонусов, накопленных Участниками на момент приостановления или прекращения действия Программы. Участник(и) не вправе требовать от Компании какого-либо возмещения Бонусов, в том числе в денежной форме. |
| 7.9. | Қатысушының дербес деректері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес өңделеді. Бағдарламаға қатысу үшін тіркелу кезінде Қатысушы Компанияның Қатысушының дербес деректерін жинауына және өңдеуіне өз келісімін береді. Қатысушының Бағдарлама бойынша Компанияның Қатысушының дербес деректерін жинауына және өңдеуіне келісімі Қатысушының Компанияның оларды өңдеуіне, соның ішінде Компанияның дербес деректерді өз контрагенттеріне, агенттеріне және басқа да тұлғаларға трансшекаралық беруіне келісімін білдіреді. Компания Қатысушымен телефон арқылы сөйлесулерін жазуға құқылы. Компания Қатысушының дербес деректерін, соның ішінде осындай деректерді үшінші тұлғаларға тек осы Бағдарламаны орындау мақсатында беру арқылы пайдалануға құқылы. Дербес | 7.9. | Персональные данные Участника обрабатываются в соответствии с требованиями действующего законодательства Республики Казахстан. При регистрации для участия в Программе Участник даёт своё согласие на сбор и обработку персональных данных Участника Компанией. Согласие Участника на сбор и обработку персональных данных Участника Компанией по Программе подразумевает согласие Участника на их обработку Компанией, в том числе на трансграничную передачу персональных данных Компанией своим контрагентам, агентам и иным лицам. Компания вправе осуществлять записи телефонных разговоров с Участником. Компания имеет право использовать персональные данные Участника, в том числе путем передачи таких данных третьим лицам, только для целей исполнения настоящей Программы. |

| | |
|---|---|
| деректерді өңдеуге келісімді қайтарып алу туралы хабарлама Компанияның мекенжайына жіберілуі тиіс: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, A10B5H7, Астана шағын ауданы, 1/10-үй. Компания жоғарыда аталған келісімді қайтарып алу туралы хабарламаны алған күннен бастап 14 күн ішінде Бағдарлама Қатысушысының дербес деректерін өңдеудің тоқтатылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді. | Отзыв согласия на обработку персональных данных должен быть направлен по адресу Компании: Республика Казахстан, город Алматы, A10B5H7, микрорайон Астана, дом 1/10. Компания обязуется обеспечить прекращение обработки персональных данных Участника Программы в течение 14 дней с даты получения вышеуказанного отзыва. |
| **8. Бағдарлама бойынша дауларды шешу** | **8. Разрешение споров по Программе** |
| 8.1. Компания мен Қатысушының арасындағы барлық даулар келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі. | 8.1. Все споры между Компанией и Участником разрешаются путем проведения переговоров. |
| 8.2. Компания мен Қатысушының арасында туындаған дауды келіссөздер арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда, ол Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіпте, «Компания» анықтамасында көрсетілген Компанияның орналасқан жері бойынша шешіледі. | 8.2. В случае если спор, возникший между Компанией и Участником, не может быть урегулирован в процессе переговоров, он разрешается в порядке, предусмотренном действующим законодательством Республики Казахстан по месту нахождения Компании, указанному в определении «Компания». |